

«Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның үздік маманы» конкурсы туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже Нұр-Сұлтан қаласының «Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның үздік маманы» конкурсын ұйымдастырудың тәртібін белгілейді (бұдан әрі - Конкурс).

1.2. Конкурса Нұр-Сұлтан қаласының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларының (бұдан әрі - ПМПК) мамандары қатысады.

2. Конкурс атағын, критерийін, номинациясын беру тәртібі

2.1. «Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның үздік маманы» атағы жылына бір рет конкурстық негізде белгіленеді.

2.2. Конкурса келесі критерийлерге сәйкес келетін ПМПК мамандары қатысады:

- ПМПК-ның штаттық маманы болатын;

- ПМПК-ның жаңадан қабылданған қызметкерлері конкурса қатысу құқығын келесі жағдайда алады:

➤ ПМПК - да кемінде үш жыл жұмыс істесе, арнайы педагогика саласында жұмыс өтілі 5 жыл болғанда

- «Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның үздік маманы» атағы бір педагогқа үш жыл ішінде бір реттен артық берілмейді;

- Конкурса қатысу ПМПК басшысының ұсынымы мен қызметкердің жеке өтініші негізінде жүргізіледі.

2.3 «Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның үздік маманы» конкурсы жыл сайын екі кезеңмен өткізіледі:

1 кезең – облыстық (03мамыр-03 маусым)

2 кезең – республикалық (1-30 қыркүйекте)

2.4. Конкурс шеңберінде келесі номинациялар тағайындалады:

- **«Педагогтың үздік видео-визиткасы»;**

- **«Баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін үздік бағалау»** (әлеуметтік педагогтардан басқа);

- **«Отбасына үздік консультация беру»;**

- **«Баланың дағдыларын отбасында дамытудың үздік үй бағдарламасы»;**

- **«Педагогтарға үздік консультациялық-әдістемелік көмек»;**

2.5. Конкурстың облыстық кезеңінің нәтижелеріне келесілер жатады:

- «Нұр-Сұлтан қаласының психологиялық-медициналық педагогикалық консультациясының үздік маманы» атағының жеңімпазы;

- «Педагогтың үздік видео-визиткасы» номинациясының жеңімпазы;

- «Баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін үздік бағалау» номинациясының жеңімпазы (әлеуметтік педагогтардан басқа);

- «Отбасына үздік консультация беру» номинациясының жеңімпазы;

- «Баланың дағдыларын отбасында дамытудың үздік үй бағдарламасы» номинациясының жеңімпазы;

- «Педагогтарға үздік консультациялық-әдістемелік көмек» номинациясының жеңімпазы;

2.6. Конкурстың нәтижелері бойынша жеңімпаздар дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

3. Конкурстың мақсаттары және міндеттері

3.1. Конкурстың негізгі мақсаты психологиялық-медициналық-педагогикалық қызмет көрсету, ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және бағалау, бала дамуының ауытқуларын алдын алу және жеңу мәселелері бойынша отбасына консультация беру сапасын жақсарту, ПМПК-ның талантты, кәсіби жұмыс істейтін мамандарын анықтау, оларды ынталандыру болып табылады.

3.2. Конкурстың міндеттері:

- қызметкерлердің кәсіби белсенділігін арттыру;
- ПМПК мамандарының үздік жұмыс тәжірибесін анықтау;
- озық диагностикалық-консультациялық қызметті тәжірибесінің таралуы мен насихатталуына ықпал ету;
- талантты, шығармашылық тұрғыда қызмет жасайтын мамандарға қолдау көрсету және ынталандыру;
- ПМПК мамандарының қоғамдағы мәртебесі мен беделін арттыру.

4. Конкурстың I-кезеңін өткізу тәртібі.

4.1. Конкурстың I-кезеңі - облыстық. Жыл сайын мамыр айында өткізіліп, конкурстың республикалық II-кезеңіне қатысуға ұсынылатын, «Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның үздік маманы» атағының жеңімпазы белгіленеді.

4.2. Конкурстың I-кезеңін өткізу туралы хабарламаны білім беру басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) және Білім беруді жаңғырту орталығының интернет-ресурсына орналастырады.

4.3. Конкурсқа қатысушыларды бағалау үшін қалалық комиссия құрылады (бұдан әрі – Комиссия), оның құрамы Басқарманың немесе Білім беруді жаңғырту орталығының бұйрығымен бекітіледі.

4.4. Комиссия психологиялық-медициналық педагогикалық консультациялардың тәжірибелі педагогтарынан, педагогикалық шеберліктің кәсіби конкурстары жеңімпаздарынан, әдіскерлерден, арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы біліктілікті көтеру институттардың қызметкерлерінен құрылады.

4.5. Комиссия мүшелерінің саны бес адамнан кем болмауы керек. Комиссия отырыстары мүшелерінің құрамы үштен бір бөлігінен кем болмаған кезде заңды күшке ие саналады.

4.6. Комиссия төрағасы және орынбасары Комиссия мүшелерінің ішінен сайланады. Хатшысы мүшесі болмайды.

4.7. Конкурстың I-кезеңіне қатысу үшін Комиссияға келесідей құжаттар мен материалдар электрондық форматта ұсынылады:

- 1) берілген форма бойынша Конкурсқа қатысуға өтінім;
- 2) ПМПК басшысының ұсынысы;
- 3) жұмыс орнында расталған кадрлар есебінің жеке парағы;
- 4) жеке тұлғасын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) ПМПК әдістемелік кеңесінің отырысы хаттамасының көшірмесі;
- 6) педагогтың видео-визиткасы – педагогтың кәсіби құзыреттілігі, жеке жетістіктері мен сипаты жайлы берілген техникалық шарттарға сәйкес ақпарат беретін қысқаша видеоролик;
- 7) қолданылған әдістемелерін көрсете отырып, баланы тексерудің толық (кең түрдегі) хаттамасы;
- 8) жүргізілген тексеру, оның нәтижелері, анықталған ерекше білім беру қажеттіліктері, оқыту және тәрбиелеу барысындағы олардың қанағаттандырылуы жөнінде ата-аналарға консультация беру процесінің видеоролигі;
- 9) отбасында баланың дағдыларын дамыту бойынша дайындалған бағдарлама;
- 10) «Әдістемелік жинақша» - авторлық бағдарламалары, әдістемелік ұсынымдар, жеке консультациялар т.б.;
- 11) «Мен – ПМПК педагогымын!» тақырыбындағы эссе;

12) Педагогтың электрондық портфолиосы.

Конкурсқа қатысуға арналған барлық материалдар қазақ немесе орыс тілдерінде ұсынылады.

4.8. Педагогтардың кәсіби қызметін көрсететін ұсынылған материалдарды Комиссия берілген критерийлерге сәйкес бағалайды.

4.9.«Нұр-Сұлтан қаласының психологиялық-медициналық педагогикалық консультациясының үздік маманы» атағын беру туралы, номинациялар бойынша жеңімпаздар жайлы Комиссияның шешімі көпшілік дауыспен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, комиссия төрағасының дауысы шешуші болады.

4.10. Комиссияның шешімі хаттамамен рәсімделеді.

4.11. Комиссияның шешімі Қазақстан Республикасы заңнамаларымен бекітілген тәртіпте қайта қаралуына болады.

4.12. Конкурстың I-кезеңінің қорытындылары қала аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында Конкурс аяқталғаннан кейін 10 күнтізбелік күннен асырмай басылады және Білім басқармасының, Білім беруді жаңғырту орталығының ресми сайтында жарияланады.

4.13. Конкурс қорытындылары бойынша жеңімпазға «Нұр-Сұлтан қаласының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясының үздік маманы» атағы беріледі, номинациялар бойынша жеңімпаздар анықталады. Комиссияның шешімі қабылданғаннан кейін 15 күнтізбелік күннен кешіктірмей жеңімпаздар марпатталады (грамоталар, дипломдар, бағалы сыйлықтар), жеңімпаз болмаған қатысушыларға сертификаттар беріледі.

I (іріктеу) кезеңге қатысуға өтінім ұйымдастыру комитетіне **2022 жылғы 27 мамырға дейінгі** мерзімде ұйымдастырушының dop.inclusive@mail.ru электрондық мекенжайына жіберіледі.

Көрсетілген мерзімнен кеш түскен материалдар қаралмайды.

*«Психологиялық-медициналық-педагогикалық
консультациясының үздік маманы»
атағын беру Ережесіне 1-қосымша*

**«Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясының үздік маманы»
конкурсына қатысуға
ӨТІНІМ**

Конкурсқа қатысуыма рұқсат беруді сұраймын.

Өзім жайлы келесі мәліметтерді хабарлаймын:

1. Жұмыс орны
2. Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
3. Туған жылы, айы күні
4. Қызметі
5. Педагогикалық өтілі (ПМПК-ғы жалпы өтілі)
6. Білімі (қандай оқу орны, факультеті, қай жылы бітірді)
7. Біліктілік санаты
8. Мекен-жайы индекспен
9. Жеке куәлігінің деректері (номері, қашан және кім берді, ЖСН)
10. Байланыс телефоны (үйдің, ұялы), электрондық пошта
11. Марапаттар, ынталандырулар

Қосымша: конкурсқа қатысуға арналған құжаттар _____ парақ.

Тапсырысты толтыру уақыты _____

Конкурсқа қатысушының жеке қолы _____

Білім беру ұйымы басшысының қолы _____

Педагогтың электрондық портфолиосының құрылымы

1. Педагог туралы жалпы мәліметтер.

- Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) міндетті түрде 3x4 өлшемдегі фотосуретімен қоса;
- Жоғарғы білімі туралы дипломы;
- Ғылыми дәрежесі (болған жағдайда);
- Біліктілігін көтеру (сертификаттар, куәліктер);
- Марапаттар (грамоталар, мақтау қағаздары, алғыс хаттар, пікірлер мен ұсынымдар, біліктілікті көтеру курстарының сертификаттары, соның ішінде қашықтықта (білімін, курстардан өткенін растайтын құжаттардың скандері, құрмет грамоталарының, сертификаттардың скандері).

2. Педагогикалық қызметінің мониторингі:

- Маман дайындаған «ЕБҚ бар баланың дағдыларын отбасында дамытудың үй бағдарламасы» бағдарламасына сәйкес ата-аналармен жұмыс жүргізу нәтижелері бойынша бала дағдыларының даму динамикасының мониторингі;

- жеке консультациялар;

3. Ғылыми-әдістемелік қызмет .

Педагог жұмыс жүргізетін педагогикалық бағыт жайлы барлық ақпарат:

- диагностикада қолданатын тәсілдер мен әдістердің сипаттамасы;
- кәсіби конкурстарға қатысқаны жөнінде мәліметтер;
- педагог қатысқан семинарлар, «дөңгелек үстелдер», ғылыми-практикалық конференциялар бойынша материалдар;
- авторлық бағдарламалардың, әдістемелік материалдардың әзірлемелері, олардың хаттамаларының көшірмелері (болған жағдайда);
- әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру бойынша материалдар (болған жағдайда);
- шығармашылық есеп берулер, семинарлар, ғылыми-практикалық конференцияларда сөз сөйлегендері туралы мәліметтер;
- бұқаралық ақпарат құралдарындағы басылымдары;
- тәжірибе алмасу бойынша жұмыс;
- біліктілікті көтеру курстарында дәріс оқу;
- эксперттік кеңестерге қатысуы;
- тәлімгерлік.

Барлық құжаттардың скандері бір құжатпен беріліп, Zip-папканың форматында мұрағатталуы керек.

*«Психологиялық-медициналық-педагогикалық
консультациясының үздік маманы»
атағын беру Ережелеріне 3-қосымша*

**Педагогтың видео-визиткасының техникалық
талаптары және бағалану критерийлері.**

-Форматы: DVD, MPEG4. Минималдық рұқсаты – 720x480 (12:8 см).

- Видеороликтің ұзақтығы – 1,5 минут.

- Қатысушының аты-жөні бар ақпараттық сақтағышпен рәсімдеу.

- Видеороликті монтаждау және түсіру барысында арнайы бағдарламалар мен құралдарды қолдану - педагогтың қалауы бойынша.

Видеороликті монтаждау және түсіру барысында арнайы бағдарламалар мен құралдарды, фотосуреттерді, видеофрагменттерді, арнайы әсер бергіштерді, фондық музыканы қолдануға болады.

Конкурсқа жарнамалық сипаттағы, басқа адамдардың абыройы мен сезімдерін қорлайтын, тақырыпқа сәйкес келмейтін видеороликтер қабылданбайды.

№	Критерийлер және көрсеткіштер	Макс. Балл
1.	Плагиаттың болмауы, авторлық оқылымның болуы	3
2.	Видеоролик идеясының айқындығы	3
3.	Видеоматериалды берудің ерекшелілігі	3
4.	Ақпараттың толық және нақты берілуі	3
5.	Ақпараттың орындылығы мен теңгерімділігі	3
6.	Видеоролик дизайнының әдемілігі	3
7.	Өзін/кәсіби дағдыларын көрсету білігі	3
Барлығы:		21

Конкурстық тапсырманың максималды бағалануы **21 балл.**

0 - сәйкес емес

1- пысықтауды қажет етеді

2- сәйкестігі толық көлемде

емес 3- толығымен сәйкес

келеді

Нақты көрсеткішке сәйкестігі әр критерийдің 0 ден максималды көрсеткішіне дейін бағаланады.

«Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясының үздік маманы» атағын беру Ережелеріне 4-қосымша

**«Баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін үздік бағалау»
бағалануының критерийлері
(әлеуметтік педагогтардан басқа)**

№	Критерийлер және көрсеткіштер	Макс. Балл
1.	Тексерудің құрылымы мен хаттамаларды толтыру сапасын сақтау	3
2.	Мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін әдістер мен тәсілдерді, көрнекі құралдар мен материалдарды таңдаудың негізділігі	3
3.	Қолданылған терминологияның нақтылығы	3
4.	Тексеру барысында пәнаралық байланыстың жүзеге асуы	3
5.	Ерекше білім беру қажеттіліктерінің толық анықталуы	3
6.	Тексеру хаттамалары мазмұнының ЕБҚ қанағаттандырудың ұсынымдарына сәйкестігі	3
7.	Кәсіби шеберлік пен құзыреттілік	3
8.	Рәсімдеу мәдениеті	3
Барлығы:		24

Конкурстық тапсырманың максималды бағалануы **24 балл**.

0-сәйкес емес

3- пысықтауды қажет етеді

4- сәйкестігі толық көлемде емес

3- толығымен сәйкес келеді

Нақты көрсеткішке сәйкестігі әр критерийдің 0 ден максималды көрсеткішіне дейін бағаланады.

*«Психологиялық-медициналық-
педагогикалық консультациясының
үздік маманы» атағын беру Ережелеріне
5-қосымша*

«Отбасына үздік консультация беру» бағалануының критерийлері

№	Критерийлер және көрсеткіштер	Макс. Балл
1.	Әзірленімнің өзектілігі мен ерекшелілігі	3
2.	Қолданылған терминологияның нақтылығы	3
3.	Материалды баяндаудың қисындылығы, түсінікті әдістемелік негіздемесінің болуы	3
4.	Ата-аналарына баланың орын алған проблемаларын, күшті жақтары мен әлеуетті мүмкіндіктерін сенімді тұрғыда көрсетіп беруге мүмкіндік беретін, бала іс-әрекетінің сапалы сараптамасы	3
5.	Консультация мазмұнынның анықталған ерекше білім беру қажеттіліктеріне сәйкестігі	3
6.	Ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін консультацияның қолжетімділігі	3
7.	Кәсіби шеберлік пен құзыреттілік	3
8.	Видео-консультацияның болуы	3
Барлығы:		24

Конкурстық тапсырманың максималды бағалануы **24 балл**.

0-сәйкес емес

- 1- пысықтауды қажет етеді
- 2- сәйкестігі толық көлемде емес
- 3- толығымен сәйкес келеді

Нақты көрсеткішке сәйкестігі әр критерийдің 0 ден максималды көрсеткішіне дейін бағаланады.

*«Психологиялық-медициналық-
педагогикалық консультациясының
үздік маманы» атағын беру Ережелеріне
6-қосымша*

**«ЕБҚ бар Баланың дағдыларын отбасында дамытудың үздік үй
бағдарламасы» бағалануының критерийлері**

№	Критерийлер және көрсеткіштер	Макс. балл
1.	Баланы тексеру хаттамасы мазмұнының даму бағдарламасының өзіне сәйкестігі	3
2.	Әзірленімнің өзектілігі мен ерекшелігі	3
3.	Мақсаттар мен міндеттердің сауатты қойылуы	3
4.	Әдістер мен тәсілдердің айқын және қолжетімді сипатталуы. Балалардың өнімді және белсенді іс-әрекетіне бағытталған техникалар мен әдістемелердің қолданылуы	3
5.	Дидактикалық үстел үсті ойындарының, еден үсті ойындарының, иллюстрацияланған материалдардың (суреттер, схемалар ж.б.) топтамасы	3
6.	Видео-консультацияның болуы	3
7.	Материалды берудегі шығармашылықтық, инновациялық және кәсіби тәсілдер	3
8.	Рәсімдеу мәдениеті	3
Барлығы:		24

Конкурстық тапсырманың максималды бағалануы **24 балл.**

0-сәйкес емес

1- пысықтауды қажет етеді

2- сәйкестігі толық көлемде

емес 3- толығымен сәйкес

келеді

Нақты көрсеткішке сәйкестігі әр критерийдің 0 ден максималды көрсеткішіне дейін бағаланады.

*«Психологиялық-медициналық-
педагогикалық консультациясының
үздік маманы» атағын беру Ережелеріне
7-қосымша*

**«Педагогтарға үздік консультациялық-әдістемелік көмек»
бағалануының критерийлері**

№	Критерийлер және көрсеткіштер	Макс.
	Өзірленімнің өзектілігі мен ерекшелілігі	3
	Мақсаттар мен міндеттердің сауатты қойылуы	3
	Мазмұнның қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі	3
	Қолданылған терминологияның нақтылығы	3
	Ғылыми негіздемелігі, заңнамалық базасы	3
	Консультацияның қолжетімділігі	
	Педагогтың заттық-кәсіби құзыреттілігі	3
	Рәсімдеу мәдениеті	3
	Барлығы:	24

Конкурстық тапсырманың максималды бағалануы **24 балл.**

0-сәйкес емес

1- пысықтауды қажет етеді

2- сәйкестігі толық көлемде

емес 3- толығымен сәйкес

келеді

Нақты көрсеткішке сәйкестігі әр критерийдің 0 ден максималды көрсеткішіне дейін бағаланады.

**«Психологиялық-медициналық педагогикалық
консультацияның үздік маманы» байқауының қазылар алқасының
құрамы**

№	Аты-жөні, тегі	Жұмыс орны, лауазымы
1	Каирова Маржан Джамбуловна	Нұр – Сұлтан қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары (Төрайымы)
2	Дауешова Сындар Муратовна	Білім беруді жаңғырту орталығы, басшының орынбасары
3	Журкабаева Гайшагуль Сауткановна	№1 психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің әдіскері, дефектолог
4	Гелеверя Ольга Анатольевна	№ 22 «Әлем» балабақшасының логопед мұғалімі
5	Воронко Татьяна Геннадьевна	№2 арнайы мектеп, дефектолог-мұғалім